

4. *Денисов И.Н.* Развитие семейной медицины-основа реорганизации первичной медико-санитарной помощи населению Российской Федерации //Альманах клинической медицины. 2004. №. 7.

5. *Островская И.В.* Медицинские сестры и инновационные технологии в здравоохранении // Медицинская сестра. 2009 №. 3. С. 3-6.

6. *Новокрещенова И.Г., Чунакова В.В.* Роль среднего медицинского персонала в развитии первичной медико-санитарной помощи //Бюллетень медицинских интернет-конференций. – Общество с ограниченной ответственностью Наука и инновации, 2014. Т. 4. №. 10. С. 1068-1071.

7. *Ронжина Л.Г.* Управление качеством сестринской помощи //HEALTH CARE OF CHUVASHIA. 2008. №. 2. С. 65.

8. *Воерта W., Fleming D.* Роль общей практики в первичной медико-санитарной помощи //Копенгаген: Всемирная организация здравоохранения. 2001.

9. *Волков С.Р., Волкова М.М.* О роли сестринского персонала в профилактической медицине // Медицинская сестра. 2003. Т. 2. С. 36.

*С.К. Еренбаева, М.М.Аязбаева,*  
*Ғылыми жетекшілер А.Б. Хаджиева, Р.А. Халтурин*  
С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медициналық университеті  
Алматы, Қазақстан  
А.И. Евдокимов, атындағы Мәскеу мемлекеттік медико-стоматологиялық  
университеті Мәскеу, Россия

**С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-інде және А.И.Евдокимов атындағы  
ММСУ-інде «5В050700-Менеджмент» мамандығы бойынша  
бакалаврлар дайындау**

**Аннотация.** *Заманауи басқару технологияларын меңгерген, ұйымдастыру және экономикалық мәселелерді шеше алатын білікті мамандарсыз денсаулық сақтау ауқымын жаңғырту мүмкін емес. Менеджерлерді және жоғарғы білікті мамандарды дайындап шығару ұйымның стратегиялық мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.*

**Кілт сөздер:** *жоғарғы білім, денсаулық сақтау, білім беру бағдарламасы, бакалавр, медициналық ұйым, медициналық жоғарғы оқу орны.*

**Аннотация.** *Модернизация здравоохранения невозможна без компетентных специалистов, владеющих современными технологиями управления и способных решать организационные и экономические проблемы сферы. Подготовка менеджеров и выпуск высококвалифицированных специалистов позволит осуществлять стратегии организации.*

**Ключевые слова:** *высшее образование, здравоохранение, образовательные программы, бакалавр, медицинская организация, медицинский вуз.*

«Жас өзгешелігіне қарамай азаматтарды түгел қамтитын өзіміздегі алдыңғы қатарлы білім беру жүйесін қалыптастыруды жеделдету керек. Білім беру

бағдарламаларының негізгі артықшылығы білімнің жаңа түрлерін бойға сіңіру және өзгерістерді тез қабылдау қабілеттілігін дамыту болып табылуы қажет [1].

«Менеджмент» бағытында дайындау өзектілігі арнайы білімді, біліктілікті және дағдыларды меңгерген бәсекеге қабілетті денсаулық сақтау ұйымдарын құру және олардың жоғарғы қайтымдылықпен тұрақты жұмыс істеуін, қамтамасыз ете алатын маман менеджерлерді дайындауға жол ашады.

Денсаулық сақтау жүйесін жандандыру және дамыту саласындағы мемлекет саясатының айрықша түрінің бірі болып қайраткерлігімен ел халқының денсаулығын қорғау және нығайтуға тікелей тәуелді болатын денсаулық сақтауды басқаратын біліктілігі жоғары кадрлар дайындау болып табылады [2].

Денсаулық сақтау жүйесінде менеджменттің алатын орны ерекше. Соңғы жылдарда денсаулық сақтау аясындағы мекемелерде, ауруханаларда, емханаларда, қалпына келтіру орталықтарында, медициналық сақтандыру жүйесінде істейтін қамсыздандыру компанияларында менеджментке қойылатын талаптардың белсенді түрде өскені байқалады.

Қазақстан Республикасында, Россия федерациясында денсаулық сақтауды жаңғырту және бұл салаға бағытталған қаржыны тиімді пайдаға асыру заманауи басқару технологиясын меңгерген, ұйымдастыру және экономикалық мәселелерді шешуге қабілетті білікті мамандарсыз мүмкін емес.

5B050700-«Менеджмент» мамандығы бойынша білім беру С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медициналық университеті 2007 жылдың 1-қыркүйегінен бастап іске асырылып келеді. Қазіргі кезде бұл мамандық бойынша мамандарды дайындап шығару Мемлекеттік лицензия, ҚР МЖМБС негізінде және пәндердің типтік оқу бағдарламалары арқылы іске асырылуда.

5B050700-«Менеджмент» мамандығы С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медициналық университетінің денсаулық сақтау және фармация факультетінің аумағында денсаулық сақтау саласындағы білікті басқарушылар мен менеджменттердің тапшылығынан туындаған олқылықтың орнын толтыру мақсатында ашылған.

Оқыту Қазақстан Республикасындағы білім берудің мемлекеттік стандарттарына сәйкес біліктілігі жоғары менеджменттерді дайындау саясатын құру және енгізуге жүйелі түрде кірісуге негізделген. Сонымен қатар бұл әрекеттерді іске асыруда денсаулық сақтау ауқымында істеп жүрген келешекте менеджер болу мүмкіндіктері бар тәжірибелі мамандарға, дәрігерлерге, бакалаврларға, экономика, менеджмент, юриспруденция, педагогика, психология т.б. салаларда білім алған мамандарға арқа сүйеп соларға сенім артып отыр. Оқу мерзімі аяқталған бітірушілерге «Экономика және бизнес бакалавры», «Бизнес экономикасы», академиялық дәрежесі жоғары білім алғаны туралы мемлекеттік диплом және «Менеджер» квалификациясы беріледі [3, 4].

Бакалавриат – дүниежүзілік стандарт деңгейіндегі толыққанды жоғарғы білім, ал бакалавр – жоғарғы білімі бар экономикалық және басқару ғылымының негізгі категорияларын меңгерген маман.

А.И.Евдокимов атындағы Мәскеу мемлекеттік медико-стоматологиялық университетінде 2004 жылдың сәуір айында мақсаты денсаулық сақтау саласын басқару аумағындағы мәселелерді шешуге дайын жоғарғы оқу орнын бітірген маман

дайындау болып табылатын Экономикалық факультет ашылды. Бұл факультетте «Менеджмент» мамандығы бойынша оқытатын С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медициналық университетінде оқытудың ерекшеліктері мынада: аталған мамандық бойынша оқыту Қазақстанда да, Россияда да медициналық жоғарғы оқу орындарында іске асырылуда; экономикалық және медициналық пәндердің кең ауқымы қамтылған; оқу үдерісіне денсаулық сақтау саласында істеп жүрген тәжірибесі мол мамандар қатыстырылған; оқушылар медициналық мекемелердің базасында тәжірибеден өтеді, сұранысқа ие мамандар дайындалып шығарылады.

А.И.Евдокимов атындағы Мәскеу мемлекеттік медико-стоматологиялық университетінде «Экономикалық талдау және алдын ала болжау» кафедрасы 38.03.02 «Менеджмент» бағытында дайындалған мамандарды 2015 жылдан бастап шығара бастады. С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медициналық университетінде «Медициналық құқық курсымен саясат және денсаулық сақтауды басқару» кафедрасы 2008 жылдан бастап 5В050700 - «Менеджмент» бағытында мамандар шығарып жатыр. Бұл кафедраның құрамына 2016 жылдың қыркүйегінен бастап «Денсаулық сақтау мен фармацевтикадағы маркетинг және «Менеджмент», «Медициналық құқық», «Соттық медицина» кафедралары кіреді. Сабақты жүргізіп жүрген пәніне сәйкес келетін іргелі білімі бар, біліктілігі жоғары мамандар жүргізеді. Олар ғылыми зерттеу жұмыстарымен, ғылыми-әдістемелік ізденістермен айналысып жүрген, мамандығына сәйкес келетін тәжірибесі мол доценттер мен профессорлар.

Менеджерлердің дайындығы бітірушілердің бәсекеге қабілеттілігімен, жоғары кәсіптік сапасымен, жұмыс істей білу, еңбек сүйгіштігімен, ақпараттық технологияны жеткілікті көлемде игергендігімен, шет тілдерін білуімен, кәсіптік біліктілігімен, бизнес жоспарды дұрыс жасап дағдылануымен, жаңа ұйымдарды құру және оны әрі қарай дамыта білуімен, стратегиялық талдау жасай білуімен, ұйымның стратегиясын жасап оны іске асыруымен анықталады. «Менеджмент» бағыты бойынша бітіріп шыққан мамандар іс жүзіндегі мәселелердің кең көлемдегі түрлерін шеше алады, ұйымды қаржылық, ұйымдастыру жағынан қайтымдылығы жоғары шешімдер қабылдай алады, кез-келген істі ұйымдастыра және әрі қарай жүргізіп кете алады, ұйымның әрекеттерін оның орнықты дамуын қамтамасыз ететіндей жеткізіп, дұрыс жоспарлай алады және өзінің кәсіптік лауазымын көтеру келешегі болады.

Қазақстан Республикасының МЖМБС негізінде «Менеджмент» мамандығы бойынша 5В050700-«Менеджмент» мамандығын бітірушінің кәсіптік қызметі экономиканың нақты секторында, финан-банк жүйесінде, бизнес пен өндірісте болады, ал олардың жұмыс істейтін объектілері, бизнес құрылымдары, меншіктің әр түрі, мемлекеттік басқару органдары, қаржылық ұйымдар, жобалау және ғылыми-зерттеу институттары, ғылыми-өндірістік, білім беру мекемелері болып табылады [3].

Сонымен С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медициналық университетінде 5В050700-«Менеджмент» мамандығы бойынша бітірген маман емдеу-профилактикалық мекемелерін басқару жүйесінің бөлімдері мен бөлім, фармацевтік компаниялар мен фирмаларда, әртүрлі экономикалық құрылымдарда, сақтандыру компанияларында, әртүрлі денсаулық сақтау және фармацевтика ұйымдары мен фирмаларында (аптекаларда), әлеуметтік қызметтерде істей алады.

А.И.Евдокимов атындағы Мәскеу мемлекеттік медико-стоматологиялық университетінде «Менеджмент» бағыты бойынша бітіріп шыққан мамандар Мәскеулік

және шетелдік компанияларда, әртүрлі істермен айналысатын ұйымдарда, меншіктің кез-келген түріндегі медициналық мекемелерде жұмыс істей алады.

Сонымен қазіргі жағдайда еңбек нарығында әртүрлі шетелдік және ел ішіндегі сауда орындарында іс жүргізе алатын ең жаңа кәсіптік біліктілікті меңгерген жаңа мамандар (менеджерлер, маркетингшілер, эксперттер, талдаушылар және т.б.) сұранысқа ие болып отыр.

Бұл мамандарға сұраныс тек Қазақстан мен Мәскеудің компаниялары тарапынан ғана емес күннен күнге көбейіп рынокқа шығып келе жатқан халықаралық ұйымдар мен компаниялар тарапынан да өсіп келе жатыр.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 10 қаңтар 2018 жыл «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері».

2. Приказ Минздрава РФ № 321 от 26 июня 2014 года «Об утверждении плана мероприятий по формированию системы повышения квалификации административно-управленческого персонала медицинских и фармацевтических организаций государственной и муниципальной систем здравоохранения, в том числе непрерывного профессионального образования по вопросам организации управления здравоохранением».

3. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамызындағы №1080 «Білім деңгейлеріне сәйкес мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысы.

4. 5B050700 «Менеджмент» мамандығы бойынша жоғарғы білім берудің типтік оқу жоспары. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 16 тамыздағы №343 бұйрығына 1 қосымша.

*А.Ш. Ибраева, научные руководители Б.С. Турдалиева, Г.Е. Аимбетова*  
Казахский национальный медицинский университет им. С.Д. Асфендиярова,  
Алматы, Республика Казахстан

### **Пути совершенствования медицинского наблюдения за состоянием здоровья спасателей**

*Аннотация. Представлены результаты исследования состояния здоровья спасателей Республиканского оперативно-спасательного отряда. В условиях клиники 22 обследованных (21,15%) признаны «практически здоровыми», тогда как у 82*